

Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № II-7 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 мамырда № 3504 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № LV-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 10.09.2020 № LV-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйімдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар өткізу орындары мен маршруттары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу үшін 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы А. Алтыбаев) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

Мәслихат хатшысы:

A. Аккайнанов

T. Бейсқали

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы "26" сәуірдегі № II-7 шешіміне 1 қосымша

Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер өткізу орындары

№	Елді мекеннің атауы	Орны
1	Миялы ауылы	Абай Құнанбаев көшесі № 2 "Тәуелсіздік паркі"
2	Миялы ауылы	Халел Досмұхамедов көшесінде № 12 орналасқан "Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған обелискі"

Қызылқоға ауданында шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруттары

№	Елді мекеннің атауы	Орны
1	Миялы ауылы	Е.Нұршаев ескерткішінен Абай Құнанбаев көшесінде № 2 орналасқан "Тәуелсіздік паркіне " дейін.
2	Миялы ауылы	Аудан әкімдігі ғимараты алдындағы алаңнан Халел Досмұхамедов көшесінде № 12 орналасқан "Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған обелискіге" дейін.

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы " 26 " сәуірдегі № II-7 шешіміне 2 қосымша

Қызылқоға ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу тәртібі

1. Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді немесе демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастыруышылар), сондай-ақ басқа да қатысуышылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндettі.

2. Шараларды ұйымдастыруышылар мен оларға қатысуышылардың:
 - 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
 - 2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің ұздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;
 - 3) ауданында жергілікті атқарушы органдардың рұқсатының киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызыуна;
 - 4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;
 - 5) жасыл желеңтерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;
 - 6) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;
 - 7) алкагольдік және есірткілік масаң құйде қатысуға жол берілмейді.

3. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер немесе демонстрациялар өткізу орындарында:

1) алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткілік заттар пайдалануға, психотроптық заттарды және олардың аналогтары;

2) транспаранттарды, ұрандарды, өзге де материалдарын (визуальды аудио/бейне) пайдалануға, қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыстар жасауға көпшілік алдында сөйлеуге шақырған, сондай-ақ әлдебір кісінің атына қатысты тіл тигізуге жол берілмейді.

4. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

5. Пикеттер өткізілген кезде:

1) пикет өткізілетін объектіде отыруға, тұруға;

2) көрnekілік үгіт құралдарын пайдалануға;

3) қысқа ұрандарды айғайлап айтуда, пикет тақырыбы туралы сөздер қозғауға рұқсат беріледі.

6. Пикетті өзге нысанда митингіге, бейбіт жиналысқа, шеруге немесе демонстрацияға жалғастыру үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша ауданның жергілікті атқарушы органынан рұқсат алу қажет.

7. Ауданның жергілікті атқарушы органынан бейбіт жиналыс, митингі, шеру, пикет немесе демонстрациялар өткізу үшін бас тартылған жағдайда немесе оны өткізуге тыйым салу туралы шешім қабылданған болса, ұйымдастырушылар тез арада дайындық шараларын болдырмауға ықтимал қатысушыларды тиісті дәрежеде жария етудің шараларын қабылдайды.

Егер бейбіт жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті немесе демонстрацияны өткізуіндегі мақсаты Республиканың конституциялық құрылышын құштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұсқан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға байланысты болса, сондай-ақ Конституцияның басқа да ережелері, заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілері бұзылса немесе азаматтардың қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қауіп төнсе өткізуге жол берілмейді.

8. Егер өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ауданның жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуы тиіс.

9. Ауданның жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары бейбіт

жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

10. Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

11. Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша өтелуге жатады.

12. Бейбіт жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізілетін жерде барлық қосымша туындаған шығындарды, соның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыруды ұйымдастырушылар өтейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК